

## Жамбыл облысы Жуалы ауданы Бурно-Октябрь ауылдық округінің және Бурно-Октябрь ауылының атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы әкімшілігінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы N 323 қаулысы және Жамбыл облысы мәслихатының 2008 жылғы 08 ақпандағы N 4-20 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 18 наурызда 1677 нөмірімен тіркелді.

Ескерту. Тақырып орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – Жамбыл облысы әкімдігінің 19.03.2019 № 57 қаулысымен және Жамбыл облыстық мәслихатының 19.03.2019 № 32-8 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).  
**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – Жамбыл облысы әкімдігінің 19.03.2019 № 57 қаулысымен және Жамбыл облыстық мәслихатының 19.03.2019 № 32-8 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жамбыл облысы Жуалы ауданы Бурно-Октябрь ауылдық округінің және Бурно-Октябрь ауылының атаулары Жамбыл облысы Жуалы ауданы Нұрлыкент ауылдық округі және Нұрлыкент ауылы деп өзгертілсін.

Ескерту. 1 тармақ орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді – Жамбыл облысы әкімдігінің 19.03.2019 № 57 қаулысымен және Жамбыл облыстық мәслихатының 19.03.2019 № 32-8 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы нормативтік құқықтық акт әділет органдарынан мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс Әкімі  
Облыстық мәслихат  
сесиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат  
хатшысы

Б. ЖЕКСЕНБИН

Т. ХАЛЫҚ

Ә. ӘСІЛБЕКОВ

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК